

_____ облысының
_____ сотына

Талапкер: Т.А.Ә., туған күні,
ЖСН: _____,
тұрғылықты жері: _____ қ., _____ көшесі, № _____ үй
№ _____ пәтер;
ұялы байланысының абоненттік нөмірі:

электрондық мекенжайы:

Жауапкерлер: 1. Т.А.Ә., ЖСН: _____,
тұрғылықты жері: _____ қ., _____ көшесі, № _____ үй
№ _____ пәтер;
ұялы байланысының абоненттік нөмірі:

электрондық мекенжайы:

2. Т.А.Ә., ЖСН: _____,
тұрғылықты жері: _____ қ., _____ көшесі, № _____ үй
№ _____ пәтер;
ұялы байланысының абоненттік нөмірі:

электрондық мекенжайы:

(егер жеке сәйкестендіру нөмірі, ұялы байланысының
абоненттік нөмірі мен электрондық мекенжайы талап
қоюшыға белгілі болса)

ТАЛАП АРЫЗ
(алимент мөлшерін өзгерту туралы)

_____ жылы мен азамат Т.А.Ә. _____ заңды
некеге тұрдым және біздің некеден Т.А.Ә. _____, _____ туған бала
/-лар/ бар.

_____ жылы неке бұзылды.
_____ жылғы сот шешімі негізінде мен баламның (Т.А.Ә., туған күні)
асырауына жалақымның 1/4 бөлігі мөлшерінде алимент төлеп отырмын.
_____ жылы мен жауапкермен Т.А.Ә. некеге тұрдым, ортақ некеден
қызымыз — Т.А.Ә., туған күні бар, оның да асырауына жалақымның 1/4 бөлігі
мөлшерінде алимент төлеп отырмын.

Қазақстан Республикасының «Неке (ерлі-зайыптылық) және отбасы

туралы» Кодексінің 139-бабына сәйкес екі баланың асырауына мен жалақымның 1/3 бөлігі мөлшерінде алимент төлеуім керек.

Іс жүзінде мен 2 баланың асырауына жалақымның 1/2 бөлігі мөлшерінде алимент төлеп отырмын, мұны жұмыс орнымнан алған есеп-қисап бөлімінің анықтамасымен растаймын.

Жоғарыда көрсетілгендердің негізінде және Қазақстан Республикасының «Неке (ерлі-зайыптылық) және отбасы туралы» Кодексінің 139, 175-баптарына, Қазақстан Республикасының Азаматтық процестік кодексінің 148-149-баптарына сүйене отырып,

С У Р А Й М Ы Н:

1. _____ (Талапкердің Т.А.Ә.) жауапкерлерге _____ (жауапкерлердің Т.А.Ә.) жазған алимент мөлшерін өзгерту туралы талап арызын қанағаттандыруды

2. Алимент мөлшерін жауапкер _____ (Т.А.Ә.) пайдасына ұлдың _____ (Т.А.Ә., туған күні) асырауына, жауапкер _____ (Т.А.Ә.) пайдасына қыздың _____ (Т.А.Ә., туған күні) асырауына жалақымның 1/4 бөлігі мөлшерінен жалақымның 1/6 бөлігі мөлшеріне дейін азайтуды.

Талап қою арызына қоса берілетін құжаттардың тізбесі:

1. Арыз көшірмесі;
2. Жауапкерге немесе оның өкіліне, үшінші тұлғаларға талап қою арызы мен оған қоса берілген құжаттар көшірмелерінің жіберілгенін растайтын құжат;
3. Мемлекеттік баж салығы төленгендігі туралы түбіртек;
4. Неке қию туралы куәліктің көшірмесі;
5. _____ жылғы сот шешімінің көшірмесі;
6. _____ жылғы сот шешімінің көшірмесі;
7. Жауапкердің жалақысы және өндіріліп алатын алименттер туралы анықтама;
8. Талапкердің жеке куәлігінің көшірмесі;
9. Азаматтарды тіркеу кітабының көшірмесі.

Талапкер:

(қолы, Т.А.Ә.)

Күні _____

ЖОҒАРҒЫ СӨТ

ТӨРЕЛІК

БЕРХОВНЫЙ СУД -KZ- SUPREME COURT